

ТҰЛҒА

Алыптардың ұстазы атанған ағартушы

Шымкенттегі М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінде «Тәңірберген Отарбаев және Қазақстанның Оңтүстігінде қуғын-сүргінге ұшыраған Алаш зиялыларының тағдыры» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Оған Парламент Мәжілісінің депутаты Қазыбек Иса, Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының директоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҰҒА академигі Зиябек Қабылдинов, ақын, «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Ханбибі Есенқарақызы, Қазақ радиосының ардагері, қаламгер, Мәдениет қайраткері Гүйсара Қабланова, тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҰҒА академигі Дария Қожамжарова, әлеуметтанушы, жазушы, Тәңірберген Отарбаевтың ұрпағы Мұрат Төлентаев қатысты.

Сонымен бірге конференцияға шақырылған азаматтар қатарында қоғам қайраткерлері, елімізге белгілі тарихшы ғалымдар, шетелдік және Қазақстандағы архив музейлерінің өкілдері мен саяси-қуғын сүргін құрбандарының ұрпақтары болды. Ғылыми басқосуды М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университетінің профессоры, тарих ғылымдарының докторы Сейдахан Әлібек жүргізді.

Конференцияда Мәжіліс депутаты Қазыбек Иса онлайн режимінде сөз алып, Алаш қозғалысы, оның ішінде жазықсыз қудалаудың құрбаны болған ұлт жанашыры Тәңірберген Отарбаевтың елге сіңірген еңбегі жайында ой толғады.

«Шымкент қаласында өтіп жатқан рухани маңызы зор конференциямен өздеріңізді құттықтаймын. Алаш қозғалысы – қай кезде де тәуелсіздік үшін күрескен сол жолда құрбан болғандардың ерлік ісі. Алаш қозғалысы мәселесін 2007 жылы Парламентте «Ақжол» партиясы көтерген еді. Депутаттық сауал жолданды. Партия жанынан «XXI ғасырдағы Алаштың ақ жолы» деген бағдарлама құрылған. Өзім де депутат ретінде бірінші қазақ тілін, кейін осы Алаш қозғалысы мәселесін көтердім. Біздер кезінде алаштықтардың ұмытылған есімдерін қайта жаңғырту үшін өңір-өңірде зерттеу жүргіздік. Өйткені Алаш қозғалысының өкілдері тек Міржақып Дулатұлы, Ахмет Байтұрсынұлыларымен шектелмейді. Осы идеяны қолдағандар қазақ даласында өте көп болған. Бұл орайда жер-жерден

Алашқа мүше болған жүздеген азаматты анықтадық. Солардың есімдерін өңірдегі әкімдіктерге ұсындық. Осы азаматтардың атына көше, басқа да нысандардың атауын беріндер деген өтініш айттық. Ал Тәңірберген Отарбаев атақты батыр Бауыржан Момышұлының ақын Әбділда Тәжібаевтың ғалым Төлеген Тәжібаевтың, Қажым Жұмалиевтің ұстазы болған. Оның қазақтардың Қоқан хандығына қарсы шыққан ұлт-азаттық көтерілісі жөнінде керемет шығармасы бар. Онда алым-салықпен халықты езгіге салған Қоқан билігіне қарсы тұрған Мұсабектей батырлардың ерліктері суреттеледі. Бір халықтың басыпалушылық саясатына екінші халықтың қарсы тұруы бұл нағыз ұлт-азаттық көтеріліс саналады. Кейін Тәңірберген Отарбаевтың осы әңгімесінің желісінде жазушы Әбжаппар Жылқышиев те көркем бір шығарма жазады. Бұл конференцияны әрі қарай жалғастыру керек. Осында оқылған баяндамалар жарияланып, халыққа насихатталуға тиіс», деді Қ.Иса.

Конференцияға онлайн қатысқан тарихшы Дария Қожамжарованың айтуынша, өткен ғасырдың 20–50-жылдар аралығы ұлт тарихының күрделі де саяси ахуалы ауыр кезеңдердің бірі саналады. Дәл осы уақытта қазақ халқы қиын шақтарды, қилы заманды бастан кешірді. Сталиндік солақай саясаттың кесірінен қаншама ата-бабамыз қызыл империя режимінің құрбанына айналды. Осыған байланысты тарихшы Президент Қасым-Жомарт Тоқаев 2020 жылы аштықтан қырылып, жазықсыз



репрессияға ұшыраған азаматтарды толық ақтайтын мемлекеттік комиссия құру жөніндегі Жарлыққа қол қойғанын жеткізді. Соның нәтижесінде тарихтың қатпар-қатпар беті тағы бір мәрте парақталды, сол дәуірге үнілген зерттеушілер көптеген беймәлім құпиясырды ашты. Д.Қожамжарованың мәлімдеуінше, қазақ жерінде Алашты қолдаған азаматтар көп болды. Бірақ, екіншіше қарай, оларға ұлтшыл, буржуазияшыл деген айдар тағылып, жалған айыппен талайы қуғындалды. Тарихшының пікірінше, өмірде әділдік қайткен күнде де салтанат құрады. Алайда ол әрдайым уақытынан кеш жүреді. Ақиқаттың кейін ашылатынына өмірдегі мысалдардың өзі дәлел. Сол заңдылық бойынша Алаш зиялылары мен оларды қолдаған азаматтар түбінде ақталып шықты. Тарихи әділдіктің арқасында алаштықтардың тура жолда екеніне, жазықсыз қудаланғанына халықтың көзі анық жетті. Д.Қожамжарова айтып өткендей, саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия құрамына Шымкент қаласы бойынша 18 тарихшы енген. Комиссия мүшелері ескі мұрағаттарды ақтарыстырып

көптеген тың дерек тапқан. Соның ішінде Ташкент архивін зерттеу барысында Тәңірберген Отарбаевтың осы қалада оқи жүріп, жастарды ұйыстырудағы ұйымдастырушылық қабілетінің жоғары болғанының құжаттары анықталды. Тарихшының пайымынша, ұлт зиялысы Тәңірберген Отарбаев халықтың рухын ояту үшін қолына қалам алып, елге жақсылықты насихаттаған.

Ақын Ханбибі Есенқарақызы баяндамасында Алаш тағдыры ауыр тағдыр, сондықтан елім, жерім деп атылып кеткен азаматтарды еске алу бүгінгі ұрпақтың парызы екенін атап өтті.

«Алаш зиялыларын қудалау өткен ғасырдың жиырмасыншы жылдарының соңынан басталды. Мен 15 жыл елімізде тұңғыш ашылған Саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналған музейді басқардым. Сол кезеңде көптеген Алаш арыстарының тікелей ұрпақтарымен араластым. Өкінішке қарай, қазір олардың бәрі де бақилық болып кетті. Көзі тірілердің ішінде Тәңірберген Отарбаевтың қызы, жасы тоқсанды алқымдаған Ұлжан апа қалды. Ол кісі қазір осы залда конференцияға қатысып отыр. Кеңес Одағының батыры Бауыржан Момышұлы мен

қоғам қайраткері, ҚазМУ ректоры болған Өмірбек Жолдасбековтей азаматтарға ілім үйреткен Тәңірберген Отарбаев қандай мықты ұстаз еді. Бұл туралы Баукең кеңестік биліктен тайсалмастан сонау жетпісінші жылдары «Ұстаз» деген тақырыппен «Лениншіл жас» газетіне бір беттік мақала да жазған еді», деді Х.Есенқарақызы.

Ақынның айтуынша, музей бастамасымен кезінде Ташкентте жарық көрген «Ақ жол» газетінің мақалалары араб әрпінен кириллицаның қазақша нұсқасына аударылып, бірнеше том жинақпен басылып шықты. Онда Тәңірберген Отарбаевтың да мақаласы жарық көрген. Оның бір үзіндісін Х.Есенқарақызы көпшілік алдында оқып берді. «Өзінің жазбасында ұлт зиялысы Ташкентте оқитын студенттердің әлеуметтік жағдайы қиын екенін айтқан. Жатақханада жамылатын төсек орны тапшы екен, студенттерге таңертең бір үзім ғана қара нан береді. Соны талғажау етіп, ашқұрсақ жүріп, кешке дейін сабақ оқитындарын жазған. Бұдан ағартушының жастарға деген жанашырлығын, қазақ балаларына қамқорлығын аңғаруға болады», деді ақын.